



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/1073 от: 02.05.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 ж. 6 сәуірдегі № ДС-94 Ә/с-ке

Құрметті депутаттар!

Сіздердің 2017–2018 жылдары «Жантеке–Шалқар» магистральды су құбырын реконструкциялауға және 2019 жылы Ақмола облысы Егіндікөл ауданында су құбырын салуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) нормаларына сәйкес республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ерекше стратегиялық маңызы бар республикалық меншіктегі ерекше авариялық су шаруашылығы құрылыстарын және гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру жүзеге асырылады.

Нұра топтық су құбыры және «Жантеке – Шалқар» магистральды су құбыры коммуналдық меншікте.

Бюджет және Су кодекстеріне сәйкес коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқару және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады.

Бюджет кодексінің 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві республикалық бюджетті әзірлеу кезінде жоспарланбаған шығындарды, олардың тосындығына және ағымдағы қаржы жылында шұғыл қаржыландыруды талап ететіндігіне байланысты қаржыландыру үшін республикалық бюджет құрамында құрылады.

Сонымен қатар көрсетілген объектілер ұзақ уақыт аралығында қалыптасып, едәуір тозған, бұл реконструкциялау және салу жөніндегі жұмыстарды бірнеше жыл ішінде қаржыландыруды талап етеді. Осылайша аталған шығыстар болжанбаған шығыстар болып табылмайды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві бір қаржы жылына ғана көзделеді, ал жылдың соңына дейін пайдаланылмаған қаражат республикалық бюджетке қайтаруға жатады.

Сондай-ақ, 2017 жылға арналған республикалық бюджетте Ақмола облысына Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді қоса алғанда сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға 4,9 млрд.теңге сомасында қаражат көзделгенін атап өтеміз.

Бұдан басқа, 2016 жылы Ақмола облысының бюджетіне өзіндік кірістің жоспардан тыс түсімдері 1,7 млрд.теңгені, ал ағымдағы жылғы 1-тоқсанда – 2,2 млрд.теңгені құрады. Қолма-қол ақшаның бақылау шотындағы бюджет қаражатының қалдықтары 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3,1 млрд.теңгені, 1 сәуірге - 4,6 млрд.теңгені құрады.

Жоғарыда жазылғандарды ескере отырып, «Жантеке – Шалқар» магистральды су құбырын реконструкциялауға және Ақмола облысының Егіндікөл ауданында су құбырын салуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу үшін негіздемелер жоқ.

Б. Сағынтаев

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

На №ДС-94 от 06.04.2017 г.

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно выделения средств из резерва Правительства Республики Казахстан на реконструкцию магистрального водопровода «Жантеке-Шалкар» в 2017-2018 годах и строительство водопровода в Егиндыкольском районе Акмолинской области в 2019 году, сообщаем следующее.

Согласно нормам Бюджетного кодекса Республики Казахстан (далее – Бюджетный кодекс) за счет средств республиканского бюджета осуществляется восстановление особо аварийных водохозяйственных сооружений и гидромелиоративных систем республиканского значения, находящихся в республиканской собственности, имеющих особое стратегическое значение.

Нуринский групповой водопровод и магистральный водопровод «Жантеке-Шалкар» находятся в коммунальной собственности.

Согласно Бюджетному и Водному кодексам управление и обеспечение функционирования водохозяйственных сооружений, находящихся в коммунальной собственности, и осуществление мер по их защите относятся к компетенции местных исполнительных органов.

В соответствии со статьей 19 Бюджетного кодекса резерв Правительства Республики Казахстан образуется в составе республиканского бюджета для финансирования затрат, не запланированных при разработке республиканского бюджета в силу их непредвиденности и требующих безотлагательного финансирования в текущем финансовом году.

Вместе с тем, указанные объекты имеют значительный износ, сложившийся за длительный период времени, что потребует финансирования работ по их реконструкции и строительству в течение

нескольких лет. Таким образом, данные расходы не являются непредвиденными.

Кроме того, резерв Правительства Республики Казахстан предусматривается только на один финансовый год, а неиспользованные до конца года средства подлежат возврату в республиканский бюджет.

Также отмечаем, что Акмолинской области в республиканском бюджете на 2017 год предусмотрены средства на развитие системы водоснабжения и водоотведения в рамках Программы развития регионов до 2020 года, в том числе в сельских населенных пунктах в сумме 4,9 млрд.тенге.

Более того, сверхплановые поступления собственных доходов в бюджет Акмолинской области за 2016 год составили 1,7 млрд.тенге, а за 1 квартал т.г. – 2,2 млрд.тенге. Остатки бюджетных средств на контрольном счете наличности на 1 января 2017 года составили 3,1 млрд.тенге, на 1 апреля 2017 года - 4,6 млрд.тенге.

Учитывая вышеизложенное, оснований для выделения средств из резерва Правительства Республика Казахстан на реконструкцию магистрального водопровода «Жантеке-Шалкар» и строительство водопровода в Егиндыкольском районе Акмолинской области не имеется.

Б. Сагинтаев